БЕКІТЕМІН
«Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығы» КМҚК басшысы
А. Мухаметжанова
2026 ж. «____»_____

«Алтын сын» олимпиадалық резерв мектебі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Павлодар қаласының жалпы орта білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған «Алтын сын» олимпиадалық резерв мектебінің (бұдан әрі - Мектеп) мақсаттарын, міндеттерін, негізгі қызмет бағыттарын, жұмысын ұйымдастыру және қызмет ету тәртібін айқындайды.

1.2. Мектеп дарынды оқушыларды дамытуға және қолдауға, сондай-ақ облыстық, республикалық деңгейдегі пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары иен жүлдегерлерін даярлауға бағытталған қосымша пәндік дайындықтың тұрақты жұмыс істейтін жүйесі болып табылады.

1.3. Мектеп қызметінің ұйымдастырушысы «Павлодар дарыны» балалардың дарындылығын дамыту және бос уақытын қамту орталығы» КМҚК (бұдан әрі - Орталық) болып табылады.

1.4. Мектеп осы Ережеге, бекітілген оқу-жаттығу жиындарының кестесіне және Орталықтың жұмыс жоспарына сәйкес қызметін жүзеге асырады.

1.5. Мектеп өз қызметінде Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамасын, осы Ережені және білім беру процесін ұйымдастыруды реттейтін өзге де нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

1.6. Мектеп қызметі қолжетімділік, жүйелілік, жеке тәсіл, сабақтастық, оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігі және оқушылардың зияткерлік дамуын ынталандыру қағидаттарына негізделеді.

2. Мектептің мақсаты мен міндеттері

2.1. Мектеп қызметінің мақсаты - зияткерлік қабілеті жоғары оқушыларды облыстық, республикалық пәндік олимпиадаларға мақсатты даярлаудың тиімді жүйесін қалыптастыру.

2.2. Мектептің негізгі міндеттері:

- жекелеген оқу пәндерін меңгеруде жоғары жетістіктері мен әлеуеті бар оқушыларды сүйемелдеу;
- оқушыларға тереңдетілген пәндік және олимпиадалық дайындықты қамтамасыз ету;
- аналитикалық, сыни, логикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;
- стандартты емес және олимпиадалық тапсырмаларды шешу дағдыларын қалыптастыру;
- оқушылардың зерттеушілік және практикалық құзыреттерін жетілдіру;
- оқушылардың білім беру қажеттіліктері мен дайындық деңгейін ескере отырып, жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- қаладағы жоғары оқу орындары мен мамандандырылған мектептердің ғылыми және педагогикалық әлеуетін тарту;
- оқушылардың пәндік олимпиадаларға қатысу нәтижелілігін арттыру;
- қалалық зияткерлік олимпиадалық резервті қалыптастыру.

3. Қызметтің негізгі бағыттары

3.1. Оқушыларды даярлау төмендегі 15 пәндік бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1. Математика.
2. Физика.
3. Информатика.
4. Химия.
5. Биология.
6. География.
7. Қазақстан тарихы.
8. Құқық негіздері.
9. Қазақ тілі мен әдебиеті.
10. Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті.
11. Орыс тілі мен әдебиеті.
12. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті.
13. Ағылшын тілі.
14. Неміс тілі.
15. Француз тілі.

3.2. Мектеп жұмысының негізгі бағыттары:

- оқушыларды облыстық, республикалық пәндік олимпиадаларға дайындау;
- күрделілігі жоғары деңгейдегі олимпиадалық тапсырмаларды шешу;
- стандартты емес есептерді шешу әдістерін меңгеру;
- практикалық, зерттеушілік және шығармашылық тапсырмаларды орындау;
- диагностикалық және жаттығу олимпиадаларын өткізу;
- олимпиадалық тапсырмаларды орындау нәтижелерін талдау;
- оқушыларға жеке қолдау көрсету;
- оқу жетістіктері мен пәндік дайындық динамикасын бақылау.

4. Оқушыларды іріктеу және контингентті қалыптастыру тәртібі

4.1. Мектеп жұмысына Павлодар қаласының жалпы орта білім беру ұйымдарының 8-11-сынып оқушылары қатысады. Олар қалалық және облыстық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары болуы тиіс.

4.2. Оқушыларды іріктеу тиісті пән бойынша олимпиадаларға қатысу жетістіктері мен нәтижелерін растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

4.3. Іріктеудің негізгі өлшемшарттары:

- мектепішілік, қалалық, облыстық пәндік олимпиадаларға қатысу нәтижелері;
- жетістіктерді растайтын дипломдар мен өзге де құжаттардың болуы;
- бейіндік пән бойынша жеке оқу жетістіктерінің даму динамикасы.

4.4. Мектеп оқушыларының құрамы ауыспалы болып табылады және оқу жылы ішінде тиісті пәндер бойынша оқу жетістіктерін рейтингтік бағалау нәтижелеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

4.5. Мектепке қатысушылардың тізімін Орталық басшысы бекітеді.

5. Оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыру

5.1. Оқушыларды даярлаудың негізгі нысаны оқу жылы ішінде бекітілген кестеге сәйкес өткізілетін оқу-жаттығу жиындары болып табылады.

5.2. Оқу-жаттығу жиындарын өткізу кестесін Орталық пәндік олимпиадалардың күнтізбесін, оқушылардың оқу жүктемесін, даярлау бағдарламаларының мазмұнын және тартылатын оқытушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып әзірлейді.

5.3. Оқу-жаттығу жиындарының кестесін Орталық басшысы бекітеді.

5.4. Оқу-жаттығу жиындары жеке пәндік бағыттар бойынша ұйымдастырылады.

5.5. Оқу-жаттығу жиындарының мазмұны мыналарды қамтиды:

- тереңдетілген теориялық дайындық;
- әртүрлі күрделілік деңгейіндегі олимпиадалық есептерді шешу;
- стандартты емес тапсырмаларды шешудің әдістері мен алгоритмдерін меңгеру;
- практикалық және зерттеу жұмыстарын орындау;

- жаттығу және сынақ олимпиадаларын өткізу;
- типтік қателер мен жеке қиындықтарды талдау;
- тиісті деңгейдегі олимпиадаларға қатысуға дайындық.

5.6. Оқу-жаттығу жиындары Орталықта, жергілікті жоғары оқу орындарында және Павлодар қаласының жалпы орта білім беру мектептерінде өткізілуі мүмкін.

5.7. Сабақтарды ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін пәннің ерекшелігі мен оқушылардың дайындық деңгейін ескере отырып, пәндік жаттықтырушылар айқындайды.

5.8. Оқу-жаттығу дайындығы оқушылардың олимпиадалық құзыреттерін дамытуда жүйелілік, бірізділік және сабақтастықты қамтамасыз етуі тиіс.

5.9. Әрбір пәндік бағыт бойынша оқу пәнінің ерекшеліктерін, оқушылардың жас ерекшеліктерін, дайындық деңгейін және тиісті деңгейдегі пәндік олимпиадалардың талаптарын ескере отырып, пәндік жаттықтырушы оқушыларды олимпиадалық даярлау қысқа мерзімді күнтізбелік-тақырыптық жоспарын әзірлейді.

5.10. Олимпиадалық даярлау қысқа мерзімді күнтізбелік-тақырыптық жоспарында оқу-жаттығу жұмысының мазмұны, негізгі бағыттары, реттілігі мен көлемі, даярлау нысандары мен әдістері, сондай-ақ оқытудың күтілетін нәтижелері айқындалады.

5.11. Пәндік жаттықтырушы әзірлеген олимпиадалық даярлау қысқа мерзімді күнтізбелік-тақырыптық жоспары Орталық басшысымен бекітіледі.

5.12. Орталық әдіскерлері Орталық басшысымен бекітілгенн оқушылардың сабаққа қатысу журналын жүргізеді.

6. Мектеп қызметін кадрлық қамтамасыз ету

6.1. Оқу-жаттығу жиындарын өткізуге төмендегі мамандар тартылады:

- жергілікті жоғары оқу орындарының ғалымдары мен оқытушылары;
- Павлодар қаласының мамандандырылған мектептерінің тәжірибелі мұғалімдері;
- пәндік олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін даярлау тәжірибесі бар жалпы орта білім беру мектептердің педагогтері.

6.2. Пәндік жаттықтырушылар оқу-жаттығу процесін сапалы ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, сабақтардың мазмұнын әзірлейді, олимпиадалық тапсырмаларды іріктейді, оқушылардың білім жетістіктерін бағалайды және талдайды.

6.3. Пәндік жаттықтырушылар:

- сабақтардың мазмұндық және әдістемелік дайындығын қамтамасыз етуге;
- оқушылардың жеке ерекшеліктері мен дайындық деңгейін ескеруге;
- әрбір оқу-жаттығу ауысымы аяқталғаннан кейін қорытынды білім беру рейтингін өткізуге;
- рейтинг нәтижелерін Орталыққа уақтылы ұсынуға;
- оқушыларды одан әрі даярлау бойынша ұсынымдар беруге;
- жеке жетістіктер динамикасына мониторинг жүргізуге міндетті.

6.4. Оқытушыларды тарту және олардың жұмыс жағдайлары қолданыстағы заңнамаға және белгіленген ұйымдастырушылық рәсімдерге сәйкес Орталық тарапынан айқындалады.

7. Мектеп қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

7.1. Оқушылардың құқықтары:

- бейіндік пәндер бойынша тереңдетілген дайындықтан өту;
- оқу-жаттығу жиындарына қатысу;
- пәндік жаттықтырушылардан кеңес алу;
- жеке және топтық олимпиадалық тапсырмаларды орындау;
- рейтингтік бағалау нәтижелері мен одан әрі дайындалу жөніндегі ұсынымдар туралы ақпарат алу.

7.2. Оқушылардың міндеттері:

- оқу-жаттығу жиындарына тұрақты қатысу;
- оқу және жеке тапсырмаларды жауапкершілікпен орындау;
- сабақ өткізілетін ұйымдардың ішкі тәртіп қағидаларын сақтау;
- пәндік дайындық деңгейін арттыруға жауапкершілікпен және қызығушылықпен қарау;
- академиялық адалдық нормаларын сақтау.

7.3. Орта білім беру ұйымдары оқушылардың оқу-жаттығу жиындарына қатысуына ықпал етеді, мектеп оқушыларының жетістіктері туралы ақпаратты уақтылы ұсынады және олимпиадалық дайындық мәселелері бойынша Орталықпен өзара іс-қимыл жасайды.

8. Мектеп қызметін басқару және үйлестіру

8.1. Мектеп қызметіне жалпы басшылық жасау және үйлестіру «Павлодар дарыны» орталығымен жүзеге асырылады.

8.2. Орталық басшысы:

- оқу-жаттығу жиындарының кестесін бекітеді;
- Мектеп қызметінің жалпы үйлестірілуін қамтамасыз етеді;
- оқушылар контингентін қалыптастыру және жаңарту туралы шешімдер қабылдайды.

Орталықтың әдістемелік бөлімі:

- жоғары оқу орындарымен және білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;
- оқу сабақтарының кестесін әзірлейді;
- оқушылардың сабаққа қатысу журналын жүргізеді;
- рейтингтік бағалау нәтижелерін қарайды;
- оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру сапасына бақылау жүргізеді.

8.3. Орталық Мектеп қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты жинауды, жүйелеуді және талдауды қамтамасыз етеді.

9. Қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

9.1. Мектеп қызметін қаржыландыру Орталыққа қарастырылған қаржы қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

9.2. Оқу-жаттығу жиындарын материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді Орталық сабақ өткізілетін ұйымдармен бірлесіп, өз құзыреті мен қолда бар мүмкіндіктері шегінде жүзеге асырады.

9.3. Оқытушыларды тарту және олардың еңбегіне ақы төлеу шарттары қолданыстағы заңнамаға және ұйымдастырушының қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкес айқындалады.

10. Мектеп қызметінің тиімділігін мониторингтеу және бағалау

10.1. Мектеп қызметінің тиімділігін бағалау оқу-жаттығу дайындығының нәтижелерін және оқушылардың жетістіктерін талдау негізінде жүзеге асырылады.

10.2. Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері:

- олимпиадалық дайындықпен қамтылған оқушылар саны;
- пәндер бойынша білім беру рейтингтері нәтижелерінің динамикасы;
- облыстық пәндік олимпиадаларға қатысу нәтижелері;
- оқу-жаттығу жиындарының сапасы мен нәтижелілігі;
- оқушылардың жеке жетістіктерінің динамикасы;
- пәндік жаттықтырушылар жұмысының нәтижелілігі.

10.3. Оқу жылының қорытындысы бойынша Орталық Мектеп қызметіне талдау жүргізеді және олимпиадалық дайындықты одан әрі жетілдірудің перспективалық бағыттарын айқындайды.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Осы Ереже Орталық басшысы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

11.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі және Орталық басшысы тарапынан бекітіледі.

11.3. Осы Ереженің орындалуын бақылауды Орталық басшысы жүзеге асырады.